

**Денсаулық сақтау саласындағы электрондық мемлекеттік қызметтер
регламенттерін бекіту туралы**

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 03 қаңтардағы № 3 қаулысы.
Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 қаңтарда № 2210
тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 15
тамыздағы № 244 қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 15.08.2013 № 244
қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі
басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Ақпараттандыру туралы» 2007
жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, облыс
әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған:

1)«Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетілген медициналық
ұйымға тіркеу» электрондық мемлекеттік қызмет регламенті;

2)«Медициналық қызметке лицензия беру, қайта рәсімдеу, лицензияның
телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін

2.Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы (Р.Ф.Бектубаев) осы
қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны бұқаралық ақпарат
құралдалында ресми жариялануды және Маңғыстау облысы әкімдігінің
интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3.Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары
Х.Х.Нұрғалиеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап
күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Мұхаметжанов

« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің міндетін атқарушы
Р . С к л я р

03 қаңтар 2013 жыл
Маңғыстау облысы әкімдігінің
2013 жылғы 03 қаңтар № 3
қаулысымен бекітілген

«Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркеу» электрондық мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркеу» электрондық мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – электрондық мемлекеттік қызмет) Маңғыстау облысының медициналық – санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдары (бұдан әрі – қызмет беруші) және www.e.gov.kz «электрондық үкіметінің» веб-порталы арқылы ұсынады.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет «Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазандағы № 1294 қаулысымен бекітілген «Медициналық – санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық тіркеу» мемлекеттік қызмет стандартының негізінде көрсетіледі.

3. Электрондық мемлекеттік қызметтің автоматтандырылған дәрежесі: толық автоматтандырылған.

4. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету түрі: транзакциялық.

5. Осы «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркеу» электрондық мемлекеттік қызмет регламентінде (бұдан әрі – Регламент) пайдаланылатын ұғымдар және қысқартулар:

1) АЖО – автоматтандырылған жұмыс орны;

2) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді пайдалана отырып, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздестіруге, таратуға, тапсыруға және ұсынуға арналған жүйе (бұдан әрі – АЖ);

3) жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкерлік түріндегі қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – ЖСН);

4) «Жеке тұлғалар» мәліметтер мемлекеттік базасы – ақпаратты автоматты түрде жинастыруға, сақтауға және өндеуге, Қазақстан Республикасында жеке тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіруді енгізу және мемлекеттік басқару органдарына және басқа субъектілерге өкілеттілігінің шеңберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олар туралы өзекті және нақты мәлімет ұсыну мақсатында Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін құрастыру үшін арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЖТ ММБ);

5) алушы – жеке тұлға;

6) пайдаланушы – оған қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйені пайдаланатын субъект;

7) транзакциялық қызмет – электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланумен ақпаратпен өзара алмасуды қажет ететін электрондық ақпараттық ресурстардың пайдаланушыларына ұсыну бойынша қызмет;

8) электрондық құжат – ақпарат электрондық цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы расталған құжат;

9) электрондық мемлекеттік қызмет – ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

10) «электрондық үкіметінің» веб-порталы – электрондық мемлекеттік қызметтерге, нормативтік құқықтық базаны қоса бірыңғай үкіметтік ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе;

11) «электрондық үкіметінің» шлюзі – электрондық қызметтерін жүзеге асыру шеңберінде, «электрондық үкіметінің» ақпараттық жүйелерін біріктіру үшін ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮШ);

12) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың нақтылығын, оның тиістілігін және мағынасының өзгермегенін растайтын электрондық цифрлық белгілердің жинағы (бұдан әрі – ЭЦҚ).

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету бойынша қызмет ұсынушы қызметінің тәртібі

6. Осы Регламентке 2–қосымшада (ЭҮП арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың № 1 диаграммасы) қызмет берушінің ЭҮП арқылы болатын қадамдық әрекеттері мен шешімдері келтірілген:

1) алушы ЖСН және парольдің көмегімен ЭҮП-да тіркелуді жүзеге асырады (ЭҮП-да тіркелмеген алушылар үшін жүргізіледі);

2) 1-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызметті алу үшін ЭҮП-да алушының ЖСН мен паролін енгізуі (авторизациялау үдерісі);

3) 1-шарт – ЭҮП-да ЖСН және шартты белгі арқылы тіркелген алушы туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру;

4) 2-үдеріс – алушы туралы деректерде қателіктердің болуына байланысты ЭҮП-мен авторлаудан бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру;

5) 3-үдеріс – алушының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуге сұраныс нысанын экранға шығару мен оның құрылымы мен нысанының талаптарын ескере отырып, нысанды толтыру (мәліметтерді енгізу); сонымен қатар сұранысты куәландыру (қол қою) үшін алушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдау;

6) 2-шарт – ЭҮП-да ЭЦҚ-ның тіркеу куәлігінің жарамдылық мерзімін және қайтарылған (жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде бар не жоқтығын, сонымен бірге сәйкестендіру деректерінің сәйкестігін (сұраныста көрсетілген ЖСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН-нің арасында) тексеру;

7) 4-үдеріс – алушының ЭЦҚ дұрыстығының расталмауына байланысты сұралып отырған қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

8) 5-үдеріс – алушының ЭЦҚ көмегімен электрондық мемлекеттік қызмет көрсету сұранысын куәландыру және электронды құжатты (сұранысты) қызмет көрсетушінің өңдеуі үшін ЭҮШ арқылы қызмет берушінің АЖО-на жіберу;

9) 6-үдеріс – электрондық құжатты қызмет берушінің АЖО-да тіркеу;

10) 3-шарт – қызмет берушімен электрондық құжатты (сұранысты) электрондық мемлекеттік қызмет көрсету негіздеріне сәйкестігін тексеру (өңдеу);

11) 7-үдеріс – қателіктердің болуына байланысты сұралып отырған электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама құру;

12) 8-үдеріс – алушымен қызмет берушінің АЖО қалыптастырылған электрондық мемлекеттік қызмет нәтижесін алу (электрондық құжат нысанда тіркелу жөнінде анықтаманы (талонды) беру). Электрондық құжат уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ пайдалануымен қалыптастырылады.

7. Осы Регламентке 2–қосымшада (Қызмет беруші арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың № 2 диаграммасы) қызмет берушінің қадамдық әрекеттері мен шешімдері келтірілген :

1) 1-үдеріс – қызмет беруші қызметкерімен электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үшін ЖСН мен парольді (авторизациялау үдерісі) енгізу;

2) 2-үдеріс – қызмет беруші қызметкерімен осы Регламентте көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметті таңдау, электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үшін экранға сұратудың нысанын шығару мен алушының деректерін енгізу ;

3) 3-үдеріс ЭҮШ арқылы алушының деректер жөнінде ЖТ ММБ сұранысты ж о л д а у ;

4) 1-шарт – алушының деректерін ЗТ ММБ тексеру;

5) 4-үдеріс – алушы деректерінің ЗТ ММБ жоқтығына байланысты деректердің алу мүмкіндігі жоқтығы туралы хабарламаны қалыптастыру;

6) 5-үдеріс – қызмет беруші қызметкерімен сұратудың нысанын толтыру мен электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуіне сұраудың толтырылған нысанын (енгізілген деректердің) ЭЦҚ арқылы растау;

7) 6-үдеріс – қызмет берушінің АЖО электрондық құжатты тіркеу;

8) 2-шарт – қызмет берушімен электрондық құжаттың (сұратуын) қызмет көрсету негіздерге сәйкестігін тексеру (өңдеу);

9) 7-үдеріс – алушының құжаттарда бұзушылықтарға байланысты сұратылған қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптасыру;

10) 8-үдеріс – алушымен электрондық мемлекеттік қызмет нәтижесін алу (қағазды түрде (ерікті нысанда) тіркелгендігі жөнінде анықтаманы (талонды) алу).

8. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұраудың нысанын толтыру бойынша әрекеттердің сипаттамасы:

1) ЭҮП кіру үшін пайдаланушымен ЖСН, логин мен парольді енгізу;

2) осы Регламентте көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметті таңдау;

3) «online» қызметіне тапсырыс беру» кнопкасымен қызметке тапсырыс беру;

4) электронды түрде сұрауды толтыру және қажетті құжаттарды тіркеу: ЭҮП-нда пайдаланушының тіркеудің нәтижелері бойынша ЖСН автоматты түрде таңдалады; пайдаланушы «Сұрауды жіберу» кнопкасының көмегімен сұратудың растауына (қол қоюына) көшуін жүзеге асырады; 5) пайдаланушымен ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдау;

6) сұрауды растау (куәландыру) – пайдаланушы «қол қою» кнопкасының көмегімен ЭЦҚ сұратудың растауын (қол қоюын) жүзеге асырады, содан кейін сұрату қызмет берушінің АЖО өңдеуге жіберіледі;

7) қызмет берушінің АЖО сұратуды өңдеу;

8) пайдаланушының дисплейіне келесі ақпарат шығарылады: ЖСН, сұрау нөмірі, қызмет түрі, сұратудың мәртебесі, қызмет көрсету мерзімі; пайдаланушыға «мәртебені жаңарту» кнопкасының көмегімен сұраудың өңдеу нәтижелерін көруіне мүмкіндік беріледі; ЭҮП-нда жауап алғанда «нәтижесін көру» кнопкасы пайда болады.

9. Сұрауды өңдеуден кейін қызмет берушіге сұрату өңдеудің нәтижелерін көру, келесі ретімен мүмкіндік беріледі: «ашу» кнопкасын басудан кейін – сұраудың нәтижесі дисплейдің экранына жіберіледі.

10. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қажетті ақпаратты және кеңесті call-орталығының телефоны (1414) арқылы алуға болады.

3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі өзара іс-қимылдың тәртібін сипаттау

11. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысына қатысатын

Қ Ғ Б :
қ ы з м е т б е р у ш і ;
Э Ү П ;
Э Ү Ш ;
қ ы з м е т б е р у ш і н і ң А Ж О ;
Ж Т М М Б .

12. Әрбір іс-шараны орындау мерзімін көрсетумен, іс-шаралардың (рәсімдер, функциялар, операциялар) кезеңділігін мәтіндік кестелік сипаттау осы Регламентке 1-қосымшада келтіріледі.

13. Логикалық кезеңділік іс-шараларының арасындағы өзара іс-қимылды көрсететін диаграммалар (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысында), олардың сипаттамасына сәйкес осы Регламентке 2-қосымшада келтіріледі.

14. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері қолжетімділік пен сапасы көрсеткіштермен өлшеніп, осы Регламентке 3-қосымшада келтіріледі.

15. Пайдаланушыларға электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р :

- 1) құпиялылық (ақпаратты рұқсатсыз алудан қорғау);
- 2) тұтастық (ақпаратты рұқсатсыз өзгертуден қорғау);
- 3) қолжетімділік (ақпарат пен ресурстарды рұқсатсыз ұстаудан қорғау).

16. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің техникалық шарты:

- 1) интернетке шығару;
- 2) электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін адамда ЖСН-нің болуы;
- 3) ЭҮП-на авторизациялау;
- 4) пайдаланушыда ЭЦҚ бар болуы.

«Медициналық	—	санитариялық
алғашқы	көмек	көрсететін
медициналық	ұйымға	тіркеу»
электрондық		мемлекеттік
қызмет	регламентіне	1-қосымша

1-Кесте. ЭҮП арқылы ҚФБ арқылы әрекеттерді сипаттау

Негізгі үдерістің (қызмет желісі, барысы) әрекеттері					
1	Әрекет № (қызмет барысы, желісі)	1	2	3	4
2	ҚФБ атауы	Алушы	ЭҮП	Алушы	ЭҮП
3	Әрекет атауы (үдеріс, рәсім, операция) және солардың сипаттамасы	ЖСН мен пароль арқылы ЭҮП авторизациялау.	Алушының деректерінде бұзушылықтарына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	ЭЦҚ Алушының таңдау мен сұрау деректердің қалыптастыруымен қызметті таңдау	Алушының деректерінде бұзушылықтарына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-өкімдік шешімі)	Сұраудың сәтті қалыптастыруы жөнінде хабарламаны белгілеу	Сұратылған электронды мемлекеттік қызмет беруден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сұрауды жолдау.	Сұратылған электрондық мемлекеттік қызмет беруден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру
5	Орындалу мерзімдері	30 секунд – 1 минут	30 секунд	1,5 минут	1,5 минут
6	Келесі әрекеттің №	2–Алушының деректерінде бұзушылықтар болса; 3 – егер авторизациялау сәтті өтсе	–	4 - Алушының деректерінде бұзушылықтар болса; 5 – бұзушылықтар жоқ болса	–
Негізгі үдерістің (қызмет желісі, барысы) әрекеттері					
1	Әрекет № (қызмет барысы, желісі)	5	6	7	8
2	ҚФБ атауы	Алушы	Қызмет берушінің АЖО	Қызмет берушінің АЖО	Қызмет берушінің АЖО
3	әрекет атауы (үдеріс, рәсім, операция) және солардың сипаттамасы	Алушының ЭЦҚ арқылы сұрауды растау (қол қою) Және қызмет берушінің АЖО жолдау	Құжатты тіркеу	Алушының деректерінде бұзушылықтарына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Алушымен қызмет нәтижесін алу (электрондық құжат нысанында тіркелу жөнінде анықтама(талон) беру)
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-өкімдік шешімі)	Сұрауды жолдау	Арызға нөмір беріп сұрауды тіркеу	Дәлелденген бас тартуын қалыптастыру	Шығыс құжатын белгілеу
5	Орындалу мерзімдері	30 секунд –1 минут	1 минут	Бір жұмыс күні барысында	Бір жұмыс күні барысында

6	Келесі әрекеттің №	-	7 –Алушының деректерінде бұзушылықтар бол болса; 8 – бұзушылықтар жоқ болса	-	-
---	--------------------	---	---	---	---

2 - Кесте. Қызмет беруші арқылы ҚФБ әрекеттің атауы.

Негізгі үдерістің (қызмет желісі, барысы) әрекеттері					
1	Әрекет № (қызмет барысы, желісі)	1	2	3	4
2	ҚФБ атауы	Қызмет беруші	Қызмет беруші	Қызмет беруші	ЗТ ММБ/ЖТ ММБ
3	Әрекет атауы (үдеріс, рәсім, операция) және солардың сипаттамасы	ЖСН мен пароль арқылы қызмет берушінің АЖО авторизациялау	Қызмет берушінің қызметкерімен қызметті таңдау	Алушының деректері жөнінде ЗТ ММБ/ЖТ ММБ сұрауды жіберу	ЗТ ММБ/ЖТ ММБ мәліметтер жоқ екендігі жөнінде хабарламаны қалыптастыру
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-өкімдік шешімі)	Арызға нөмір беріп сұрауды жүйеде тіркеу	Сұраудың сәтті қалыптастыруы жөнінде хабарламаны белгілеу	Сұрауды жолдау	Дәлелденген бас тартуын қалыптастыру
5	Орындалу мерзімдері	10–15 секунд	10 секунд	1,5 минут	10-15 секунд
6	Келесі әрекеттің нөмірі	-	—	4 –бұзушылық бар болса; 5 – бұзушылық жоқ болса	-

«Медициналық алғашқы медициналық электрондық қызмет» — санитариялық көрсететін тіркеу» мемлекеттік 2–қосымша
қызмет регламентіне

ЭҮП арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың № 1 диаграммасы

Қызмет беруші арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың № 2 диаграммасы

Шарттық ескертулер:

(диаграммалар мен сызбаны қағаз нұсқасынан қарағыңыз)

«Медициналық-санитариялық

алғашқы

комер

көрсететін

медициналық

ұйымға

тіркеу»

электрондық

мемлекеттік

қызмет

регламентінде

3 - қ о с ы м ш а

«Сапа» және «қолжетімділік» электрондық мемлекеттік қызметтің көрсеткіштерін айқындауға арналған сауалнама нысаны

(қызметтің атауы)

1. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің үдеріс сапасына және нәтижесіне қанағаттанасыз ба?

1) қанағаттанбаймын;

2) ішінара қанағаттанамын;

3) қанағаттанамын.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі жөніндегі ақпараттың сапасына қанағаттанасыз ба?

1) қанағаттанбаймын;

2) ішінара қанағаттанамын;

3) қанағаттанамын.

Маңғыстау

облысы

әкімдігінің

2013

жылғы

03

қаңтар

№

3

қаулысымен

бекітілген

«Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – электрондық мемлекеттік қызмет) «Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – қызмет беруші), баламалы негізде халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – ХҚКО), сондай-ақ www.e.gov.kz «электрондық үкіметінің» веб-порталы немесе www.elicense.kz «Е-лицензиялау» веб-порталы арқылы көрсетіледі.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 10 қыркүйектегі № 1173 «Медициналық қызмет саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» қаулысымен бекітілген «Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.

3. Электрондық мемлекеттік қызметті автоматтандыру дәрежесі: ішінара автоматтандырылған.

4. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық.

5. Осы «Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламентінде (бұдан әрі – Регламент) пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1) бизнес сәйкестендіру нөмірі – заңды тұлға (филиал және өкілдікке) және бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – БСН);

2) «Е-лицензиялау» веб-порталы – лицензиялармен берілетін лицензиялардың сәйкестендіру нөмірлерін орталықтандырып қалыптастыратын, берілген, қайта ресімделген, тоқтатылған, жаңартылған және қолданысы тоқтатылған лицензиялар, сондай-ақ қызметтің лицензияланатын түрін (кіші түрін) жүзеге асыратын лицензиаттың филиалдары мен өкілдіктері (нысандар, мекендер, телімдер) туралы мәліметтерден тұратын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – «Е - л и ц е н з и я л а у» М М Б А Ж);

3) «Жеке тұлғалар» мәліметтер мемлекеттік базасы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасында жеке тұлғалар туралы бірыңғай сәйкестендіруді енгізу мақсатында жеке сәйкестендіру нөмірлердің Ұлттық тізілімін құру, ақпаратты сақтау, өңдеу мен автоматтандырылған жинақтауына, мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілеріне солардың құзыреттілігінің шеңберінде маңызды және сенімді мәліметтерді ұсынуына арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЖТ ММБ);

4) «Заңды тұлғалар» мәліметтер мемлекеттік базасы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасында заңды тұлғалар туралы бірыңғай сәйкестендіруді енгізу мақсатында жеке сәйкестендіру нөмірлердің Ұлттық тізілімін құру, ақпаратты сақтау, өңдеу мен

автоматтандырылған жинақтауына, мемлекеттік басқару органдары мен өзге де субъектілеріне солардың құзыреттілігінің шеңберінде маңызды және сенімді мәліметтерді ұсынуына арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЗТ ММБ);

5) жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлға, соның ішінде өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – ЖСН);

6) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолданумен ақпаратты сақтау, өңдеу, іздеу, тарату, тапсыру және беру үшін арналған жүйе (бұдан әрі – АЖ);

7) Қазақстан Республикасының халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі – халыққа (жеке және заңды тұлғаларға) Қазақстан Республикасының халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы, сондай-ақ тиісті министрліктермен және ведомствалармен электрондық мемлекеттік қызметтер ұсыну үдерісін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ХҚКО АЖ);

8) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі – жеке және заңды тұлғалардың төлемдерін жүзеге асыру кезінде екінші деңгейдегі банктердің, банктік операцияларының жекеленген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және «электрондық үкіметтің» ақпараттық жүйелері арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮТШ);

9) электрондық мемлекеттік қызмет алушы – оған қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге жүгінетін және оларды пайдаланатын субъект;

10) транзакциялық қызмет – электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, өзара ақпарат алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды ұсыну жөніндегі қызмет көрсету;

11) «электрондық үкіметтің» шлюзі – электрондық мемлекеттік қызметтер көрсетуді іске асыру шеңберінде «электрондық үкіметтің» ақпараттық жүйелерін интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮШ);

12) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнның өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нысандар терімі (бұдан әрі – ЭЦҚ);

13) электрондық құжат – өзіндегі ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

14) электрондық мемлекеттік қызмет – ақпаратты технологияларды қолдана отырып, электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер;

15) электрондық лицензия – қағаз жеткізгіштегі лицензияға тең, ақпараттық

технологиялар қолдануымен ресімделетін және берілетін электрондық құжат нысандағы лицензия.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

6. Осы Регламентке 2 – қосымшада (ЭҮП арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың № 1 диаграммасы) қызмет берушінің ЭҮП арқылы болатын қадамдық әрекеттері мен шешімдері келтірілген :

1) электрондық мемлекеттік қызмет алушы ЭҮП тіркелуді электрондық мемлекеттік қызмет алушы компьютерінің интернет-браузеріне сақтап қойған өзінің ЭЦҚ тіркеу куәлігінің көмегімен жүзеге асырады (ЭҮП тіркелмеген электрондық мемлекеттік қызмет алушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-үдеріс – ЭЦҚ тіркеу куәлігін электрондық мемлекеттік қызмет алушы компьютерінің интернет-браузеріне бекіту, электрондық мемлекеттік қызметті алу үшін электрондық мемлекеттік қызмет алушының ЭҮП парольді енгізу үдерісі (авторизациялау үдерісі);

3) 1-шарт – логин (ЖСН/БСН) және пароль арқылы тіркелген электрондық мемлекеттік қызмет алушы туралы мәліметтердің түпнұсқалығын ЭҮП тексеру;

4) 2-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызмет алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты ЭҮП авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

5) 3-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызмет алушымен электрондық мемлекеттік қызметті таңдауы, электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығаруы және оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, сұрау салу нысанына қажетті құжаттарды электрондық түрде бекіте отырып, нысанды толтыруы (деректерді енгізу);

6) 4-үдеріс – ЭҮТШ көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметке ақы төлеу, содан кейін бұл ақпарат «Е-лицензиялау» ММБ АЖ келіп түседі;

7) 2-шарт - «Е-лицензиялау» ММБ АЖ электрондық мемлекеттік қызметтің көрсетілгені үшін жүргізілген ақы төлеу дерегін тексеру;

8) 5-үдеріс - «Е-лицензиялау» ММБ АЖ электрондық мемлекеттік қызметтің көрсетілгені үшін төленген ақының болмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

9) 6-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызмет алушының сұрау салуды куәландыру (қол қою) үшін ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;

10) 3-шарт – ЭҮП ЭЦҚ тіркеу куәлігінің іс-қимыл мерзімін және қайтарып

алынған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде болмауын, сондай-ақ сұрау салуда көрсетілген ЖСН/БСН және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы сәйкестендіру деректеріне сәйкес келуін тексеру;

11) 7-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызмет алушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 8-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың толтырылған нысанын (енгізілген деректерді) электрондық мемлекеттік қызмет алушының ЭЦҚ арқылы куәландыруы (қол қоюы);

13) 9-үдеріс – электрондық құжатты «Е-лицензиялау» ММБ АЖ (электрондық мемлекеттік қызмет алушының салуын) тіркеу және «Е-лицензиялау» ММБ АЖ сұрау салуды өңдеу;

14) 4-шарт – электрондық мемлекеттік қызмет алушының біліктілік талаптарына және электрондық мемлекеттік қызмет көрсету негіздеріне сәйкестігін қызмет берушінің тексеруі;

15) 10-үдеріс – «Е-лицензиялау» ММБ АЖ электрондық мемлекеттік қызмет алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қ а л ы п т а с т ы р у ;

16) 11-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызмет алушының ЭҮП қалыптастырған электрондық мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін (электрондық лицензия) алуы. Электрондық құжат, қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ пайдалану арқылы қалыптастырылады.

7. Осы Регламентке 2–қосымшада (қызмет беруші арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың № 2 диаграммасы) қызмет беруші арқылы болатын қадамдық әрекеттері мен ш е ш і м д е р і к е л т і р і л г е н :

1) 1-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін «Е-лицензиялау» ММБ АЖ логин мен парольді енгізу (а в т о р и з а ц и я л а у ү д е р і с і);

2) 1-шарт – «Е-лицензиялау» ММБ АЖ логин және пароль арқылы қызмет берушінің тіркелген қызметкері туралы деректерінің түпнұсқалығын тексеру;

3) 2-үдеріс – қызмет берушінің деректерінде бар бұзушылықтар байланысты авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны «Е-лицензиялау» ММБ АЖ қ а л ы п т а с т ы р у ;

4) 3-үдеріс – қызмет берушінің қызметкерімен осы Регламентте көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметті таңдауы, электрондық мемлекеттік қызметті көрсету және нысанды толтыру үшін, оның құрылымы және форматтық талаптарды ескере отырып, сұрау салу нысанын экранға шығару электрондық

мемлекеттік қызмет алушының деректерін енгізу;

5) 4-үдеріс –ЭҮШ арқылы электрондық мемлекеттік қызмет алушының деректері туралы ЖТ ММБ/ЗТ ММБ сұрау салуды жолдауы;

6) 2-шарт – электрондық мемлекеттік қызмет алушының деректердің болуын Ж Т М М Б / З Т М М Б т е к с е р у ;

7) 5-үдеріс – ЖТ ММБ/ЗТ ММБ электрондық мемлекеттік қызмет алушының деректердің жоқ болуына байланысты деректерді алу мүмкіндігінің жоқтығы туралы хабарламаны қалыптастыру;

8) 6-үдеріс – сұрау салу нысаның құжаттардың қағаз нысанында болуы туралы белгі қою бөлігінде толтыру және қызмет беруші қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызмет алушы ұсынған қажетті құжаттарды сканерлеуі және оларды сұрау салу нысанына бекіту;

9) 7-үдеріс – «Е-лицензиялау» ММБ АЖ сұрауды тіркеу және «Е-лицензиялау» ММБ АЖ электрондық мемлекеттік қызметті өңдеу;

10) 3-шарт – электрондық мемлекеттік қызмет алушының біліктілік талаптарына және электрондық мемлекеттік қызмет көрсету негіздеріне сәйкестігін қызмет берушінің тексеруі;

11) 8-үдеріс - «Е-лицензиялау» ММБ АЖ электрондық мемлекеттік қызмет алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қ а л ы п т а с т ы р у ;

12) 9-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызмет алушының «Е-лицензиялау» ММБ АЖ қалыптастырылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін (электронды лицензия) алуы. Электрондық құжат қызмет беруші қызметкерінің ЭЦҚ пайдалану арқылы қалыптастырылады.

8. Осы Регламентке 2-қосымшада (ХҚКО арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың № 3 диаграммасы) ХҚКО оператордың ХҚКО арқылы болатын қадамдық әрекеттері мен ш е ш і м д е р і к е л т і р і л г е н :

1) 1-үдеріс – ХҚКО операторының электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін «Е-лицензиялау» ММБ АЖ логин мен паролін енгізуі (а в т о р и з а ц и я л а у ү д е р і с і);

2) 2-үдеріс – ХҚКО операторының осы Регламентте көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметті таңдауы, электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығаруы деректерін енгізу;

3) 3-үдеріс – ЭҮШ арқылы электрондық мемлекеттік қызмет алушының деректері туралы ЖТ ММБ/ЗТ ММБ сұрау салуды жіберуі;

4) 1-шарт – ЖТ ММБ/ЗТ ММБ электрондық мемлекеттік қызмет алушының деректерінің бар болуын тексеру;

5) 4-үдеріс – ЖТ ММБ/ЗТ ММБ электрондық мемлекеттік қызмет алушы деректерінің жоқ болуына байланысты деректерді алу мүмкіндігінің жоқтығы туралы хабарламаны қалыптастыру;

6) 5-үдеріс – ХҚКО операторының сұрау салу нысанын құжаттардың қағаз түрінде болуы туралы белгі қою бөлігінде толтыруы және электрондық мемлекеттік қызмет алушы ұсынған құжаттарды сканерлеуі, оларды сұрау салу нысанына тіркеуі, және электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салудың (енгізілген мәліметтерді) ЭЦҚ арқылы растауы;

7) 6-үдеріс – «Е-лицензиялау» ММБ АЖ ЭҮШ арқылы ХҚКО операторының ЭЦҚ куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжатты (электрондық мемлекеттік қызмет алушының сұрау салуын) жолдауы;

8) 7-үдеріс – электрондық құжатты «Е-лицензиялау» ММБ АЖ тіркеу;

9) 2-шарт – қызмет берушінің Стандарттың 11-тармағында көрсетілген электрондық мемлекеттік қызмет алушының қоса берілген құжаттарының электрондық мемлекеттік қызмет көрсету негіздеріне сәйкестігін тексеруі (өңдеуі) ;

10) 8-үдеріс - «Е-лицензиялау» ММБ АЖ электрондық мемлекеттік қызмет алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қ а л ы п т а с т ы р у ;

11) 9-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызмет алушының «Е-лицензиялау» ММБ АЖ қалыптастырылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін (электрондық лицензия) ХҚКО операторы арқылы алуы.

9. Электрондық мемлекеттік қызметке сұрау салу мен жауап беру нысандарын толтыру «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталында немесе «Е-лицензиялау» www.elicence.kz. веб-порталында келтірілген.

10. Электрондық мемлекеттік қызмет алушының электрондық мемлекеттік қызметті көрсету бойынша сұрау салудың орындалу дәрежесін тексеру тәсілі: ЭҮП «Қызмет алу тарихы» бөлімінде, «электрондық үкімет» порталында, сондай-ақ ХҚКО немесе қызмет берушіге жолданғанда.

11. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі қажетті ақпаратты және кеңесті (1414) call-орталығы телефоны бойынша алуға болады.

3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

12. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде қатысатын ҚФБ:

- 1) қ ы з м е т б е р у ш і ;
- 2) Х Қ К О қ ы з м е т к е р і .

13. Осы Регламентке 1–қосымшаға сәйкес, әрбір іс-қимылдың орындалу мерзімін көрсете отырып, ҚФБ іс-қимылдарының (функциялар, рәсімдер, операциялар) дәйектілігінің мәтіндік, кестелік сипаттамасы келтірілген.

14. Осы Регламентке 2–қосымшада келтірілген (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде) іс-қимылдардың логикалық дәйектілігінің арасындағы өзара байланысты олардың сипаттамаларына сәйкес көрсететін диаграммалар көрсетілген.

15. Осы Регламентке 3–қосымшада электрондық мемлекеттік қызметті көрсету (шығару құжаты) нәтижесі ұсынылған.

16. Электрондық мемлекеттік қызмет алушыларға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы Регламентке 4–қосымшаға сәйкес сапа мен қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

17. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне қойылатын талаптар :

- 1) адамның конституциялық құқығын және бостандығын сақтау;
- 2) қызметтік борышын орындағанда заңдылық;
- 3) кәсіптік әдепнаманы және мәдениеттікті сақтау;
- 4) жеткілікті және толық ақпаратты ұсыну;
- 5) ақпаратты қорғау және құпиялық сақтау;
- 6) электрондық мемлекеттік қызмет алушының белгіленген мерзімде қайтарып алмаған құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

18. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсетудің техникалық шарттары:

- 1) интернетке шығуы;
- 2) электрондық лицензия берілетін тұлғада ЖСН/БСН бар болуы;
- 3) ЭҮП авторизациялауы;
- 4) пайдаланушыда ЭЦҚ болуы;
- 5) екінші деңгейдегі банкінің банктік карточка немесе ағымдағы шоттың болуы.

«Медициналық	қызметке	лицензия
беру,	ресімдеу,	лицензияның
қайта	беру»	электрондық
телнұсқасын	қызмет	регламентіне
мемлекеттік		
1-қосымша		

1–кесте. ЭҮП арқылы ҚФБ әрекеттердің сипаттамасы

Негізгі үдерістің (қызмет барысы, желісі) әрекеттері						
Әрекет № (қызметтердің						

1	барысы мен желісі)	1	2	3	4	5	6
2	ҚФБ, АЖ атауы	Алушы	ЭҮП	Алушы	ПШЭП	ЭҮП	Алушы
3	Әрекет атауы (барыс, үдеріс) және солардың сипаттамасы	ЭЦҚ тіркеу куәлігін Алушының компьютердің интернет-браузерінде тіркелу	Алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Алушы қажетті құжаттарды электрондық түрде тіркелумен сұраудың қалыптастырып электрондық мемлекеттік қызметті қалыптастырады	Электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуге ақы төлеу	Төленген ақының болмауына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Алушы сұрау салуды растау үшін (і қоюға) ЭЦҚ таңдайды
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Сұрау салудың табысты қалыптастыру жөнінде хабарламаны айқындау	Сұрау салатын электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сұрау салудың табысты қалыптастыру жөнінде хабарламаны айқындау	Әрекеттің табысты аяқталуы туралы хабарламаны айқындау	Сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сұрау салуды жолдау
5	Орындалу мерзімдері	10–15 секунд	20 секунд	1,5 минут	1,5 минут	20 секунд	10–15 секунд
6	Келесі әрекеттің нөмірі	2–Алушының деректерде бұзушылықтар бар болса; 3–авторизациялау табысты өткенде	–	4	5 – төлемақысын жасамағанда, 6 – төлемақысын жасағанда	–	7– еге ЭЦҚ қа анықта, 8 – ег ЭЦҚ қатесіз болса

Негізгі үдерістің (қызмет барысы, желісі) әрекеттері

1	Әрекет № (қызметтердің барысы мен желісі)	7	8	9	10	11
2	ҚФБ, АЖ атауы	ЭҮП	Алушы	«Е-лицензиялау» ММБ АЖ	«Е-лицензиялау» ММБ АЖ	«Е-лицензиялау» ММБ АЖ
3	Әрекет атауы (барыс, үдеріс) және солардың сипаттамасы	Алушының ЭЦҚ дұрыстығы расталмағанына байланысты электрондық мемлекеттік қызмет	ЭЦҚ арқылы сұрауды Растау (қол қою)	Арызды, электрондық құжатты қызмет алушының сұрауды) «Е-лицензиялау»	Алушының «Е-лицензиялау» АЖ деректерінде бұзушылықтарына байланысты бас тарту туралы	Электрондық құжат (

		көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру		» АЖ тіркеу мен өңдеу	хабарламаны қалыптастыру	электрондық лицензия)
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Сұратылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сұрауды жолдау	Арызға нөмір беріп, сұрауды тіркеу	Сұратылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Электрондық лицензия
5	Орындалу мерзімдері	10–15 секунд	1,5 минут	1,5 минут	20 секунд	Лицензия алу үшін- 15жұмыс күн; лицензияны қайта ресімдеу үшін- 10жұмыс күн Телнұсқаны алу үшін- 2 жұмыс күн
6	Келесі әрекеттің нөмірі	-	-	10-Алушыны біліктілік талаптарына лицензия беру негіздерге сәйкестілігін қызмет берушімен тексеруін өткізу	-	

2 кесте. Қызмет беруші арқылы ҚФБ әрекеттердің сипаттамасы

Негізгі үдерістің (қызмет барысы, желісі) әрекеттері						
1	Әрекет № (қызметтердің барысы мен желісі)	1	2	3	4	5
2	ҚФБ, АЖ атауы	Қызмет беруші	«Е-лицензиялау» ММБ АЖ	Қызмет беруші	ЗТ ММБ/ЖТ ММБ	«Е-лицензиялау» ММБ АЖ
3	Әрекет атауы (барыс, үдеріс) және солардың сипаттамасы	«Е-лицензиялау» ММБ АЖ авторизациялау	қызмет беруші қызметкердің деректерінде бұзушылықтарға байланысты авторизациялаудан бас тарту туралы	қызмет берушінің қызметкерімен электрондық	Алушы деректерін тексеруіне сұрауды ЗТ ММБ /ЖТ ММБ жолдау	ЗТ ММБ /ЖТ ММБ Алушы мәліметтердің жоқ болуына байланысты деректердің алу мүмкіндігі

			хабарламаны қалыптастыру	мемлекеттік қызметті таңдау		жоқ жөнінде хабарламаны қалыптастыру
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім	Сұраудың сәтті қалыптастыру жөнінде хабарламаны айқындау	Сұратылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сұраудың сәтті қалыптастыру жөнінде хабарламаны айқындау	Сұрауды жолдау	Сұратылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру
5	Орындалу мерзімдері	10–15 секунд	20 секунд	1,5 минут	1,5 минут	20 секунд
6	Келесі әрекеттің нөмірі	1 - Қызмет беруші қызметкердің логин мен пароль мәліметтердің дұрыстығын «Е-лицензиялау» ММБ АЖ тексеру	–	4	5-Алушының деректерде бұзушылық болса; 6 – авторизациялау сәтті өтсе	-

Негізгі үдерістің (қызмет барысы, желісі) әрекеттері

1	Әрекет № (қызметтердің барысы мен желісі)	6	7	8	9
2	ҚФБ, АЖ атауы	Қызмет беруші	«Е-лицензиялау» ММБ АЖ	«Е-лицензиялау» ММБ АЖ	«Е-лицензиялау» ММБ АЖ
3	Әрекет атауы (барыс , үдеріс) және солардың сипаттамасы	Құжаттардың тіркелуімен сұраудың нысанын толтыру	электрондық құжатты Алушының сұрауды) «Е-лицензиялау» ММБ АЖ тіркеу мен өңдеу	«Е-лицензиялау» ММБ АЖ Алушының деректерде бұзушылықтарға байланысты «сұратылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Электрондық құжат (электрондық лицензия)
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім	Сұраудың сәтті қалыптастыру жөнінде хабарламаны айқындау	Арызға нөмір беріп, сұрауды жүйеде тіркеу	Сұратылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Электрондық лицензия
					Лицензия алу үшін-

5	Орындалу мерзімдері	10–15 секунд	10-15 секунд	20 секунд	15 жұмыс күн; лицензияны қайта ресімдеу үшін- 10 жұмыс күн Телнұсқаны ал үшін- 2 жұмыс күн у
6	Келесі әрекеттің нөмірі	-	8 – «Е-лицензиялау» АЖ сұрау жөнінде деректер болса, 9 – сұрау бойынша деректер табылса	-	-

3 кесте. ХҚКО арқылы ҚФБ әрекеттердің сипаттамасы

Негізгі үдерістің (қызмет барысы, желісі) әрекеттері						
1	Әрекет № (қызметтердің барысы мен желісі)	1	2	3	4	5
2	ҚФБ, АЖ атауы	ХҚКО АЖ АЖО	ХҚКО	ХҚКО	ЗТ ММБ /ЖТ ММБ АЖ	ХҚКО
3	Әрекет атауы (барыс, үдеріс) және солардың сипаттамасы	«Е-лицензиялау» ММБ АЖ авторизациялау	Электрондық мемлекеттік қызметті таңдау	ЗТ ММБ /ЖТ М М Б Алушының деректерін тексеруге сұрауды жолдау	деректерде бұзушылықтарға байланысты сұратылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	ЭЦҚ арқылы құжаттардың тіркелуімен сұраудың нысанын толтыруымен растау
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім	Арызға нөмір беріп, сұрауды жүйеде тіркеу	Сұраудың сәтті қалыптастыру жөнінде хабарламаны айқындау	Сұрауды жолдау	Дәлелді жауапты қалыптастыру	Сұраудың сәтті қалыптастыру жөнінде хабарламаны айқындау
5	Орындалу мерзімдері	30 секунд – 1 минут	30 секунд	1,5 минут	1,5 минут	30 секунд– 1 минут
6	Келесі әрекеттің нөмірі	2	3	4 –Алушының деректерде бұзушылық бар болса; 5 – бұзушылық жоқ болса	-	-

Негізгі үдерістің (қызмет барысы, желісі) әрекеттері					
1	Әрекет № (қызметтердің барысы мен желісі)	6	7	8	9
2	ҚФБ, АЖ атауы	ХҚКО	«Е-лицензиялау» ММБ АЖ	«Е-лицензиялау» ММБ АЖ	«Е-лицензиялау» ММБ АЖ
3	Әрекет атауы (барыс, үдеріс) және солардың сипаттамасы	ХҚКО оператордың ЭЦҚ расталған сұрауды жолдау	электрондық құжатты (қызмет алушының сұрауды) «Е-лицензиялау» ММБ АЖ тіркеу	«Е-лицензиялау» ММБ АЖ Алушының деректерде бұзушылықтарға байланысты сұратылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Электрондық құжат (электрондық лицензия)
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Сұрауды жолдау	Арызға нөмір беріп, сұрауды жүйеде тіркеу	Дәлелді жауапты қалыптастыру	Электрондық лицензия
5	Орындалу мерзімдері	1 минут	1 минут	30 секунд – 1 минут	Лицензия алу үшін- 15 жұмыс күн; лицензияны қайта ресімдеу үшін- 10 жұмыс күн Телнұсқаны алу үшін-2 жұмыс күн
6	Келесі әрекеттің нөмірі	-	8 –бұзушылық бар болса, 9 – бұзушылық жоқ болса	-	-

«Медициналық беру, кайта телнұсқасын мемлекеттік 2-қосымша қызметке ресімдеу, беру» қызмет лицензия лицензияның электрондық регламентіне

ЭҮП арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың № 1 диаграммасы

Қызмет беруші арқылы электрондық қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың № 2 диаграммасы

ХҚКО арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың № 3 диаграммасы

Кесте. Шартты белгілер

(диаграммалар мен сызбаны қағаз нұсқасынан қарағыңыз)

«Медициналық	қызметке	лицензия
беру,	қайта	ресімдеу, лицензияның
телнұсқасын	беру»	электрондық
мемлекеттік	қызмет	регламентіне

3 - қ о с ы м ш а

Электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуге берілетін оң жауаптың шығыс нысаны

(3-қосымшаны қағаз жүзінен қараңыз)

«Медициналық	қызметке		
лицензия	беру,	қайта	ресімдеу,
лицензияның	телнұсқасын	беру»	
электрондық	мемлекеттік		
қызмет	регламентіне		

4 - қ о с ы м ш а

Электрондық мемлекеттік қызметтерінің «сапа» және «қолжетімділік» көрсеткіштерін анықтау үшін сауалнаманың нысаны

(қызметтің атауы)

1. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің сапасына және нәтижесіне қанағаттанасыз ба?

1) қанағаттанған жоқпын;

2) ішінара қанағаттанамын;

3) қанағаттанамын.

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттың сапасына қанағаттанасыз ба?

1) қанағаттанған жоқпын;

2) ішінара қанағаттанамын;

3) қанағаттанамын.